Кекілбаев Ә. Ақындықтың асқар шыңы // Кекілбаев Ә. «Дәуір дауысы»: мақала, эссе, толғаулары / Әбіш Кекілбаев. Жауапты шығарушы Д.Қ. Қыдырәлі. «Егемен Қазақстан» кітапханасы» сериясы. – Астана: «Егемен Қазақстан, 2016. – 355-362-беттер.

http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1538068&lang=kk

**Әбіш КЕКІЛБАЕВ**

# АҚЫНДЫҚТЫҢ АСҚАР ШЫҢЫ

Қадірлі қауым!
Қымбатты мәскеулік ханымдар мен мырзалар!
Біз бүгін бәріміз де зор тебіреніс үстіндеміз.
Жамбылдың жер жарған даңқының даңғыл жолы Мәскеуден басталып еді. Тап осында тап осыдан алпыс жыл бұрын қазақ мәдениеті онкүндігінің ең қарт мүшесі – тоқсанға келген ақынға астаналық жамағат жаппай тебіреніп, қошемет көрсетіп еді. Күллі оқырман әлем оны сол күннен бастап дала Гомері деп бірауыздан мойындап еді. Содан бері бір күн де оның аты ауыздан түсіп көрген емес.
Оның өлең-жырына деген сүйіспеншілік оты да сол қадпында маздап тұр. Даңққа ілесіп жала жүретіні қашаннан белгілі. Даңқ күшейе түскен сайын жала өршелене өршіп түсетіні де әбден түсінікті.
Тек сондай кісәпірлік күстәнә сөздің жер бетіндегі барша құбылыстың бәрін де шарпи бастаған кейінгі күләйлап жылдарда бір кезде алыс сахарадан келген ақсақалды жер астынан жаңа Мәді тіріліп шығып, аспаннан жаңа Қызыр Ілияс түскендей қуана құрақ ұшып, құрмет тұтқан жерден жиі естілгені, әрине, жанға қатты батты. Әсіресе, Жамбылдың бір шумақ өлеңін түпнұсқасында оқып, түпнұсқасында тыңдап көрмеген адамдардың сонша шала бүлінгендеріне қайран қалмасқа шара жоқ.
Алайда, бүкіл бір ғасыр бойына әлемде не болып, не қойып жатқанынан атымен бейхабар отырып, бір күнде аяқ астынан қасқағым сәтте не туралы болса да, кім туралы болса да, ең түпкілікті ақиқатты ақи түгендеп, біліп ала қойған жаңа «көріпкелдер» не айтып, не қойса да, Жамбыл мен оның жарқын поэзиясының басы бәрібір ашық.
Жамбыл – большевиктердің саяси көзбояушылығынан жаратылған перзент емес. Жамбыл жалбақтап жаңа өкіметтің етегіне жармасудан атымен аман. Жаңа өкімет Жамбылдың етегіне қайта өзі жармасты. Онда тұрған таңданарлықтай ештеңе жоқ. Өйткені, қазақ даласында сөзден беделді ештеңе болған емес. Әсіресе, өлең сөздің өтімділігінде шек болған жоқ. Ұлан-ғайыр құла дүздің шығысында бүгін біреудің аузынан шыға қалған тапқыр сөз

ертеңінде-ақ батысында күллі жұрттың аузында пәтуалы сөзге тоқтамайтын болса, ауа райынан басқа ештеңеге тәуелді емес көшпелі халық қолайлы өріс пен қоныс іздеп, ойда орыны, қырда саны қалмай, шартарапта шашылап жүрген болар еді. Арғы тегінің қайдан шыққанын ұмітіп, бағзыда қандай күй кешкенінен, қазір қандай күй кешіп жатқанынан атымен бейхабар берекетсіз қауымға айналар еді. Оларды өйтіп аздырмай-тоздырмай сақтап қалған – тек сөздің сиқыры. Түздіктер байлықты мұрат тұтпаған. Терістіктен соққан бір суық жел мыңғырған қойыңды, шұрқыраған жылқыңды бір күнде тып-типыл қылған. Көзсіз ерлікке де көзді ашып-жұма қоймаған. Өйткені, дастандарда айтылғандай, «қой боғындай қорғасын мысын құртқан талайдың». «Байың бір жұттық, батырың бір оқтық» дейтіні де содан қалған. Ол бүгінгі замандасқа ғана емес, кейінгі ұрпаққа да жетпей қалмайды. Ойлы сөздің өміршеңдігі де сонда. Жұрт бүгін түсінбесе, ертең бәрібір түсінеді. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» болатыны да сондықтан.

Түздіктер кісіні сөзіне қарап бағалаған. Ақылын да, батылын да, парасат-парқын да ауыз дәмінен аңғарған. Батырының да, биінің де, ханның да шетінен ділмар, тіпті ақын боп келетіндігі де осыдан-тұғын. Өйткені, түз адамы сөзі сөзі көңілден шықпайтынның ісі көңілден шығады деп ойламайды. Ал, өлең-жыр – кісіден үйренетін өнер емес, құдай дарытатын қасиет. Ендеше, ақын әуелден артық жаратылған киелі тұлға. Оның сөзіне құлақ аспау - құдай алдындағы күпірлік. Біздің далада өркениеттің шырқау шыңына жеттік деп жаппай бөсіп жүрген осы ғасырға дейін ешкім ақынға қол көтеріп көрген емес. Ақын сөз естімек жоқ, ақыннан сөз естімек бар. Керек жерінде атақты Майқы би Шыңғыстың өзіне, Қорқыт – оғыздар бегіне, Асан-Қайғы – әз Жәнібекке, Бұқар жырау – айбынды Абылайға, Махамбет – меннен Жәңгірге айтатынын бетіне басып айтыпты. Ақылы бар падишалар оған бола апшымапты. Өйткені, тауып айтылған жақсы сөзден асқан баға болмайды. Сүйегіңді сындыратын суық сөз өмір бойы дақ боп қалады. Бәрібір ешкім жуып кетіре алмайды.

Жамбыл тап осындай сөзі тергеулі сүлейлер санатынан еді. Одан да сөз артылмайтын еді. Оның үстіне айтыс ақыны еді. Айтыссыз бірде-бір жиын өтпейтін. Айтыс – тапқыр сөздің ғана емес, ең әуелі батыл ойдың бәсекесі-тұғын. Қауымда қордаланып қалған өзекті мәселе аузы дуалы ақындар арқылы талқыға түсетін жыр ассамблеясы-тұғын.

Халық жадында жыр сайысының алдына жан салмаған даусыз дүлділі Жамбылдың сөзден жығылған бірде-бір оқиғасы қалмаған. Ал оның қайсарлығының талай мысалы тайға басқан таңбадай әлі сайрап тұр. 1913 жылы Верный қамалында Романовтар әулетінің 300 жылдығына орай ауыздарымен құс тістегендердің бәрі жиылған айтыста қиқар Жамбыл тәж киген әулетті марапаттаудың орнына оның жер-жердегі жандайшаптарын жерден алып, жерге салып жамандай жөнелген. Оның жаңа кеңес өкіметінде ірі бастық болған бір туысқанын қалай құттықтағаны да аңызға айналып кеткен. Мәртебелі мейман отырған үйді шыр айнала қоршаған күзет ақынды

ішке кіргізбейді. Сол-ақ екен, Жамбыл қолына домбырасын алып, жұртқа теңдік, бостандық әпердік деп жүрген болбшевиктердің бұрынғы шонжарлардан бетер самсаған сарбазға күзеттіріп, елден қол үзе бастағанын айтып, қалың топтың ортасында толғай жөнеледі. Бұл сөздер іште отырған биік мансапты мейманға да жетеді. Ол дереу орнынан атып тұрып, сыртқа шығады. Босағада боздап тұрған ақынды құшақтай алады. Кешірім сұрап, үйге шақырады. Әлгінде өзі отырған төрге жетелеп апарып Жамбылды отырғызады. Бұл қазақтардың ұлт-азаттық қозғалысының атақты көсемдерінің бірі Ораз Жандосов еді. Кейін оны большевиктер бұратана халықтардың азаттығы мен теңдігі мәселесіндегі ұстанған бағытына бола қуғынға ұшыратты.

Әуелден де аты мәшһүр ақын кеңес жылдарында сахнаға осылай көтеріліп еді. Иә, тым егдеріп қалған шағы еді. Жаңа өкіметтің төсек тартып жатқан жерінен тұрғызып алғаны да рас. Бірақ, ол жаңа өкіметтің алдында жайылып төсек, жығылып жастық болып көрген емес. Қайта атын, ел алдындағы асқар таудай абыройын пайдаланып, Кремльдің жаңа иелерінен ұпай жинап қалғысы келген дала шенқұмарлары оның алдында құрдай жорғалады. Жамбыл бәрібір жанын жалдаған жадылыққа бара алмады. Кәрі ақын аса, ірі мемлекетте әлгінде аспандата ұлықтағанына, әрине, қуанды. Көпұлтты қоғамның жырына, сөзіне тегіс құлақ асқанына шын жүрегімен масаттанды. Қарапайым еңбек адамдарының ынтымағының жасампаздық күшіне де жан-тәнімен сенді. Адам қаналмайды, халық езгі көрмейді дегенге еш күмәнданбады. Талайды көрген тарланбоздың мұнша даңқтан басы айналған емес. Кремльде кеудесіне орден тағып жатқан адамға әркім түсіне бермейтіндей ғып тіл тигізуі де сондай сергек сананың көрінісі еді.

Ал енді бүгін кеп оны диссидент болмадың екен деп, ол күнде өздірі де өрттей лапылдатып қызыл шалғыны мойындарына байлап жүрген қазіргі ауыздарынан ақ ит кіріп, көк ит шығатын көкіме сыншыларының бәрі сенген нәрсеге ол да сенді екен деп, жерден алып, жерге салып бағуға тырысушылық - ақылға сыймайтын іс. Ол кезде тоқсаннан асқан сауатсыз шал сенген қисындар мен мұраттарға асқан білікті Максим Горький, Николай Бухарин, Сергей Эйнштейн, Бертольд Брехт, Давид Сикейрос, Пабло Пикассо сынды талай ғұламалардың да кәміл сенгендері өтірік пе еді?! Ендеше, шындықты бетке айтудан тайсалмаған қайсар ақсақал қапелімде ондай мінез байқата қоймаса, большевиктердің асты-үстіне түсіп, арбап-баққандығынан ғана емес еді. Жаңа өкіметтің жұртқа берген уәделерінің көпшілігі көрместі көріп, кенезесі кебуге айналған талайсыз халқына байланысты көптен көңілінде шер боп қатқан армандарымен, үміттерімен дөп түскендігінен еді.

Азаттық, теңдік, әділдік – түркі халықтарының ежелгі қаһармандық жырларынан бастау алып жатқан ақын өнерінің ең бір алтын өзек арналары еді. Жамбыл қырғыздың «Манасын», әзербайжан, түріктердің «Көрұлын», қазақтардың «Батырлар жырын» әлденеше апталар бойы таңды таңға ұрып

жырлап беретін. Әлгіндей Сүлей дастандардың өміршеңдігінің бір сыры да Жамбыл сынды даңғыл жыраулардың аузымен таралғандығында еді. Айтқан сайын ажарларын асырып, иін қандырып, мәнін тереңдете түскендіктен еді.
Жамбылдың өзі шығарған «Сұраншы батыр», «Өтеген батыр» дастандары да ұлттық поэзияның алтын қорына қосылды. Оның қаһармандары елді тек жат жұрттық басқыншылардан ғана емес, адамдардың байлыққа, атаққа, билікке деген тойымсыздығынан туындайтын әлеуметтік апаттардан да аман алып қаламын деп арпалысқа түсіп жатады. Өтеген батыр елі ешқандай қорлық көрмейтіндей ырысты өлке іздеп, жаһан кезіп кетеді. Бармаған жер, баспаған тауы қалмайды. Сөйтсе де, өз халқына өзі нәпақа тауып бере алмайтындай аймақ атымен болмайды екен. Пәленің бәрі құдайдың бергенін адамнан аяйтын арамза пәлекет күштерден екен. Олардың сырт кейпі екі аяқты нәсілге ұқсамайды екен. Ал іс-әрекеттері жан баласына жақсылық ойламай, атыстырып-шабыстырып бағатын кәдуілгі алаяқтар мен арамзалардан аумайды екен. Солардың қырсығынан талай-талай пейіш өлке өз-өзінен тағдырға тәлкек боп, ел ақтап кеткен. Жаужүрек Өтеген сондай кісәпір мақұлықтармен тайсалмай тартысқа түседі. Сырттарынан сырттансып көрінгендерімен, шын мәнінде, күйкі мақсат, күйлес пайда қуалаған күлімсі мыстандар боп шығады. Айбынды батыр ауылына қайтады. Тойымсыздыққа бой ұрмасаң, қанағатты ұмытпасаң, өз жер, өлең төсегінде де бақытты бола алады екенсің. Бар гәп – пенделік пен күйкілікті тежей білуде екен.
Жамбыл кеңес кезінде де өзімен-өзі боп қала алады. Бұрын нені дәріптесе, енді де соны дәріптеді. Ізгілікті, елге-жерге сүйіспеншілікті, еңбекшілдікті, арманшылдықты жырлады. Бұрынғысынша адамның абыройын түсіріп, намысын қорлайтын зорлық-зомбылықты ғайбаттады. Әсіресе, адамдардың адамдарға, халықтардың халықтарға жасайтын қысастығын аза бойы қаза тұрып мансұқтады. Фашизмге, шовинизмге, соғысқа қарсы шықты. Бұрын-соңды адам көрмеген қаныпезерлік пен кісәпірліктің көзсіз көбелек тұтқынына айналған адамзатқа, майдан даласында белуардан қан кешкен миллиондарға қиямет күндерде рухани тірек болды. Азап пен жоқтықтың тәлкегіне ұшыраған мыңдаған әйел-еркек оның өлеңін өз әкесінің өсиет сөзіндей көріп, қастерледі. Талай оққа ұшқан боздақтардың қойын қалтасынан газетке басылған Жамбыл жырларының қиындысы табылуы да соның айғағы. Ақын адамдарды соғысқа емес, достыққа, қаһыгездікке емес, бауырмалдыққа шақырды. Соғыс жылдарында шыққан өлеңдерінің бәрі дерлік ақпейіл адамгершілігімен баурап алады. «Ленинградтық өрендерім» атты атақты өлеңі қоршауда қалған мыңдаған аш-жалаңаш жандардың дәтке қуат бойтұмарларына айналды. Үгіт емес, үміт боп естілді.
Ақын атаның Алғадайын жоқтаған азалы сөздерін естіген мыңдаған жандардың сай-сүйегі сырқырады. Өткен соғыс құрбандарына талай жоқтау жазылды. Бірақ Жамбыл жырының жөні бөлек екені тағы даусыз.

Иә, Жамбылдың өзі де құрбандыққа шалынған бозқасқаның күйіндей екі талай күй кешті. Миллиондар, соның ішінде сүйікті ұлы да, зеңбіректің жемтігіне айналғанын көрген ақынның өзіне де фашизмнің оғы қақ жүректен қадалғандай еді. Дарқан даласын тұтасымен темір торлы айлапат абақтыға айналдырып жіберген оспадарсыз озбырлық оны да қаралай тұтқынға айналдырды. Алыс пен жақыннан келген тірі мұңлықтардың, өз халқының жазықсыз жапа шеккен жайсаңдарының қилы тағдыры оның да жанын жегідей жеді.

Көз алдында күллі тірлік күйкіленіп, барша мән-мағынасынан айрылып, жүдеп-жадап шыға келді. Азаттық пен бақыт атымен тәрк болды. Арман адыра қалды. Даңқ дақпыртқа айналды. Әлеиге әгіленген атағы да көңілге кенсу таптырмады. Бәрін де желге ұшырған баяғы сол өктемдік. Даңқ қуалаған желбуаздық. Қанағатты білмес атаққұмарлық, дәулетқұмарлық, баққұмарлық, биліккұмарлық. Дүниеде желөкпелік пен тойымсыздықтың өктемдігінен асқан жойымпаз апат та, індет те жоқ. Дүниені қараң суға алдырса, тек сол алдырады. Оны басқа түсінбесе де, бұл пәнидің ұшпағы мен қыспағын бірдей көріп, мадағы мен масқарасын бірдей бастан кешкен Жамбыл түсінді. Кәрі данышпан өткінші бақтың өлермен дарақылығына тәлкек болған дәрменсіз дүниеде араша айла таба алмай, қаралай пұшайман болды.

Тірісіндегі атағы аңыздағы Гомерден асып түсе жаздаған жыр арысы өз тағдырының тауқыметін, заманының қасіретін жіті сезінді. Таланты мен атағын малданып абырой тапқылары келген идеологиялық сайқалдық пен мансапқорлыққа іштей күйзелді де, күйінді де. Даңқ түрмесінің тұтқындары шегетін жан азабын тартудай-ақ тартты.

Халық айтса, қалт айтпайтын шығар. Ақын бірде төрде ілулі тұрған суретін көріп: «Мына сығыр қайда өрмелеп кеткен?! Көр де тұр, бұл малғұндар бүгін сені аспаннан бір-ақ шығарды. Енді төмен түсіре алмай әлек болады», - деп өзін-өзі мысқылдай күліпті.

Бұл – әрине, күйзелгеннің күлкісі. Алайда, ақын жергілікті бастықтарды: «Мына бассыздықты тоқтатпаспңдар, Суықтөбеге шығып кетіп, үсіп өлемін. Сонда ертең: «Жамбылды қайда жібердіңдер?» деп сұраған Сталинге не беттеріңді айтасыңдар», - деп талай қорқытыпты. Алып ақын болса да, жұмыр басты пенде ғой. Шарапатты тек жоғарыдан, кесепатты тек төменнен күтіпті. Бәрін қолдан бұрмалайтындар бүлдіреді деп түсініпті. «Күн көсемге» күмәнденуды күпірлік санауы да мүмкін.

Иә, Жамбыл бар-бар ретте өз заманымен қабыса бермейтін. Басқа дәуреннің адамындай сезілетін. Ізгілік пен ерлікті іздемес жерден іздеген тұстары да көп. Оңбай опық та жеді. Бірақ, сырттай күлкілі көрінгенімен, шын мәнінде тақсырет хал кешкен жалғыз ол ғана емес-ті. Азаттық, теңдік, әділетті аңсағанмен, оларға қалай жетуді білмейтін қалың бұқараны сазға отырғызып кете баратын саяси алаяқтық жоғалмай тұрып, адамзат бұрын да талай киген таз телпегін әлі де талай киюі әбден ықтимал.

Бір кезде қарабайыр сананың аңғалдығын қапысыз пайдаланып, өз қамын күйттеу қандай қанышпезерлік болса, қазір ондай күйге өзіміздің ұшырайтын-ұшырамайтындығымызға анық көзіміз жетпей тұрып, бізден бұрынғы ұрпақтардың жіберген қателеріне өзіміз де ұрынып, аузымыз күймеуді қамдастырудың орнына жерден алып, жерге салып жәбірлеу дәл сондай қатыгездік екендігін естен шығармаған жөн.

Бір өкініштісі, өзгеріс болды-ақ, ыссылай сұғынып, қай нәрсеге де қара балтасын ала жүгіретін рухани жойымпаздық қайта-қайта бел алып кете барады. Жамбыл атына айтылып жүрген ғайбат та – тап сондай қаралай ақылдан адасудың бір көрінісі сияқты.

Ондай кісәпірлікке ақынның атын сырттай естіп, өлеңінен гөрі өсегіне көбірек құлақ асып, бір оқулықтан бір оқулыққа көшіп жүретін оншақты жырын ғана оқыған адамдар бара алса, бара алатын шығар.

Ал, Жамбыл мұрасын молынан біліп, оның және сол тұрғылас ақындардың ұлттық әдеби дәстүрлеріміздің қайтадан тірілуіне, өткен ғасырлардан қалған миллиондаған жолдардан тұратын асыл сөздердің бүгінгі және ертеңгі ұрпаққа аман жетуіне сіңірген ерен еңбектерін қапысыз түсінетіндер ондай күпірлікті аузы барып айта алмақ түгілі, ойына да алмайтыны хақ.

Әрине, өз тұсында миллиондардың істей алмағанын Жамбылдың да істей алмағаны рас.

Алайда, данагөй ақынның нәзік жүрегі айналасындағы тірліктің барған сайын найсаптыққа айналып бара жатқандығын анық сезіп, таусыла назаланды. Мәскеу онкүндігі мен Шота Руставели тойынан кейін саясат сахынасынан көбірек көрінбеуге тырысты.

Жаңа өмір құрып жатырмыз деген лепірмеге де елікпейтін болды. Өлеңдерінде ізгілік пен зұлымдық күресі, адамдардың мұңы мен шеріне ортақтастық әуендері қайтадан күшейе түсті.

Ол бір шаңылтақ шілдеде қайтыс болды. Көздің жасы әлі құрғап үлгермеген-ді. Тұтасымен жесір қалған жермен-жексен елдегі жетім балалардың жүрегін мұң, өзегін аштық жалап жатқан-ды...

Ал газеттер фашизмді жеңдік деп даурығып баққан-ды...

Ол өз кейіпкерлеріндей шын бетперделері әлі айқындалмаған құбыжықтар елі мен әшкерелене қоймаған алаяқтар ортасында мерт тапты. Зұлымдық бұрынғыдан бетер үстем түсіп жатты. Бір күні ол да жеңілетін шығар деген үміт қана үзілмеген қалпы қала берді.

Оған тегіннен-тегін әрі тым ежелгі, әрі тым таңсық ат берілмепті. Оның мағынасын әркім әрқилы түсіндіреді. Моңғолдардың әскери ұғымдамасынан қалған осы бір жұрнақты біреулер алдын-ала жіберілетін шолғыншыға баласа, біреулер алынбас қамалға телиді. Қалай болғанда да Жамбыл өзінің атын да, атын қойған халқының үмітін де бірдей ақтады.

Қаймықпас шолғыншыдай, шаршы әлемді түгел шарлаған жырлары ақынның өзін де, өлең-сөзді тәңірі тұтқан елін де тегіс мәшһүр етті. Аяр жаудың қай

шабуылын да қақ маңдайдан ұрып, тойтара білген алынбайтын қамалдай ол да аяр дүние атағын жойып жібере жаздаған халқының тілін де, ділін де аман сақтап қала алатындай рухани тірек, асқақ айбын бола білді. Өз халқының өз заманындағы ту ұстар тұлғасы боп танылды.

Көз жұмғанша еңсесін жыққан жоқ. Зұлымдықты мансұқтап, ізгілікті жырлады. Азаттықшыл дала жұртының асқақ рухын бар сипат, бар мағынасымен паш ете алды. Таңырқауды ұмытып қалған ежелгі мәдениеттердің өміршеңдігі мен өжеттігіне көзді жеткізе түсті. Оның даңқының ғасырлар шайып кете алмас мығымдығы мен мызғымастығының шын сыры да, міне, осында шығар.

1996 жылдың 11 сәуірінде Мәскеудің Одақтар үйінің Бағаналы залында ұлы ақын Жамбыл Жабаевтың туғанына 150 жыл толуына арналған салтанатты кеште жасалған баяндама. Орысшадан аударылды.

«Егемен Қазақстан», 20 сәуір, 1996 жыл.